

ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Назарбекқызы Назерке

nazerke-2018@inbox.ru

7M0101 - Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор - Қазиев Қ.О.

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада білім беру үдерісіндегі топтық жұмыстың стратегиялары мен негізгі принциптері жан-жақты қарастырылып, олардың оқыту сапасын арттырудағы маңызы теориялық және практикалық тұрғыдан талданады. Зерттеу педагогика және психология ғылымдарының тоғысында жүзеге асырылып, қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылып жүрген жобалық әдіс пен командада жұмыс істеудің тиімділігіне ерекше назар аударылады.

Мақалада топтық жұмысты ұйымдастырудың заманауи стратегиялары, атап айтқанда, ынтымақтастықта оқыту, бірлескен оқу, рөлдік бөлу, пікірталас, жобалық тапсырмалар арқылы оқыту сияқты әдістер кеңінен сипатталады. Сонымен қатар, топтық жұмыстың тиімді жүзеге асуына әсер ететін негізгі принциптер – мақсаттың айқындығы, қатысушылардың тең құқықтылығы, өзара жауапкершілік, кері байланыстың жүйелілігі және нәтижеге бағытталу мәселелері ғылыми тұрғыдан сараланады. Зерттеу барысында топтық жұмыстың құрылымы, кезеңдері және оны ұйымдастырудың әдістемелік негіздері нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Зерттеу нәтижелері топтық жұмысты дұрыс ұйымдастыру арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға және тұлғалық қалыптасуына оң әсер етуге болатындығын дәлелдейді. Ұсынылған теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстар білім беру үдерісінде топтық жұмысты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді және жобалық әдісті қолдану арқылы оқытудың сапасын арттыруға бағытталған.

Кілт сөздер: топтық жұмыс, жобалық әдіс, білім беру, педагогика, психология, сыни ойлау, мотивация, кері байланыс, әлеуметтік дағдылар, тұлғалық даму.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің даму тенденциялары оқыту үдерісін жаңғыртумен, білім алушылардың тек пәндік білімін емес, сонымен қатар олардың коммуникативтік, әлеуметтік және когнитивтік құзыреттіліктерін кешенді түрде қалыптастырумен сипатталады. Жаһандану жағдайында шет тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін меңгеру – кәсіби және тұлғалық дамудың маңызды факторы ретінде қарастырылуда. Осыған байланысты ағылшын тілін оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, білім алушылардың белсенді қатысуына, өзара әрекеттесуіне және тәжірибе арқылы білім алуына негізделген инновациялық тәсілдерді енгізу қажеттілігі артып отыр.

Осындай тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі – жобалық әдіс пен топтық (командалық) жұмыс. Жобалық әдіс білім алушыларды нақты мәселені шешуге бағыттап, олардың зерттеушілік, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытса, топтық жұмыс осы үдерісте бірлескен әрекетті ұйымдастырып, өзара қарым-қатынас пен жауапкершілікті қалыптастырады. Бұл екі тәсілдің өзара байланысы оқыту үдерісінің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан топтық жұмыстың стратегиялары мен принциптерін терең зерттеу – диссертациялық зерттеудің мазмұнымен тікелей сабақтас өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Оқытуды ұйымдастырудың заманауи үлгілерін шартты түрде пассивті, белсенді және интерактивті модельдерге бөліп қарастыруға болады. Пассивті модель жағдайында білім алушы негізінен дайын ақпаратты қабылдаушы рөлін атқарып, оқыту үдерісі біржақты сипатта

жүзеге асады [1, 57-б.]. Ал белсенді модельде оқушының оқу іс-әрекетіне қатысу деңгейі артып, оқытушымен диалогқа түсуі және өздігінен жұмыс істеуі басты орын алады. Интерактивті модель бұдан да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, білім алушылардың өзара қарым-қатынасына, бірлескен әрекетіне және ортақ танымдық үдерісіне негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, топтық жұмыс интерактивті оқытуға тән негізгі формалардың бірі ретінде қарастырылып, білім алушылар арасындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бағытталады.

Оқу үдерісінің тиімділігін арттыру психологиялық аспектілермен тығыз байланысты, атап айтқанда, білім алушының мотивациялық-қажеттілік аясының қалыптасуымен айқындалады. В.А. Сухомлинскийдің пікірінше, тәрбиенің мәні – тұлғаның өзін-өзі дамытуға және тәрбиеленуге деген ішкі қабілеттерін жетілдіруде жатыр [2, 121-б.]. Егер білім алушыда білім алуға деген ішкі қызығушылық пен қажеттілік қалыптаспаса, қолданылатын кез келген педагогикалық технология күтілген нәтижені бермеуі мүмкін. Осы орайда топтық жұмыс оқушылардың ішкі мотивациясын арттырудың тиімді құралы ретінде көрінеді, өйткені ол бірлескен әрекет барысында өзара қолдау, бәсекелестік элементтері және жетістікке жету сезімін қалыптастырады. Нәтижесінде білім алушы өзін ұжымның маңызды мүшесі ретінде сезініп, оқу үдерісіне белсенді араласуға ұмтылады.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, сабақ – нақты мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған, ішкі құрылымы жағынан тұтас педагогикалық жүйе. Тиімді сабақ ұйымдастырудың маңызды көрсеткіштерінің бірі – білім алушыларды әртүрлі оқу әрекеттеріне кеңінен тарту болып табылады. Осы талапты жүзеге асыруда топтық жұмыс ерекше орын алады, себебі ол оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу мазмұнын терең игеруге мүмкіндік береді. Ғылыми деректерге сүйенсек, ақпараттың белгілі бір бөлігі ғана тыңдау немесе көру арқылы меңгерілсе, оның басым бөлігі тәжірибелік әрекет пен пікір алмасу барысында игеріледі [3, 452-б.]. Демек, топтық жұмыс арқылы ұйымдастырылған оқу әрекеті білімнің сапалы әрі терең меңгерілуіне жағдай жасайды.

Білім беру тәжірибесінде топтық жұмыс білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, тілдік орта қалыптастыруға және практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе ағылшын тілін оқыту барысында топтық жұмыс тілдік қарым-қатынасты жандандырып, білім алушылардың сөйлеу, тыңдау, пікір білдіру дағдыларын табиғи жағдайда дамытуға ықпал етеді. Ал жобалық әдіс арқылы орындалатын тапсырмалар топтық жұмыстың мазмұнын байытып, оны мақсатты әрі нәтижеге бағытталған әрекетке айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, топтық жұмыс тек оқыту формасы ғана емес, жобалық оқытудың негізгі жүзеге асыру механизмі ретінде де қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – ағылшын тілін оқытуда жобалық әдіс пен командалық жұмысты тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыру, білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту және олардың бірлескен әрекетке бейімділігін қалыптастыру қажеттілігімен анықталады. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде топтық жұмыс кеңінен қолданылғанымен, оның нақты стратегиялары мен ғылыми негізделген принциптері жүйеленбей, тәжірибеде әрқелкі қолданылып келеді. Бұл өз кезегінде топтық жұмыстың әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіреді.

Осы мақала диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін толықтыратын құрамдас бөлік ретінде қарастырылып, топтық жұмыстың стратегиялары мен принциптерін жүйелі түрде талдауға бағытталған. Мақалада топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімді жолдары жобалық әдіспен байланыста қарастырылып, олардың білім беру үдерісіндегі өзара ықпалдастығы ашып көрсетіледі.

Зерттеудің мақсаты – ағылшын тілін оқытудағы жобалық әдіс контексінде топтық жұмысты ұйымдастырудың тиімді стратегиялары мен негізгі принциптерін айқындау және олардың білім беру сапасына әсерін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеудің міндеттері:

Топтық жұмыстың педагогикалық және психологиялық негіздерін жобалық оқыту тұрғысынан талдау;

Топтық жұмысты тиімді ұйымдастырудың негізгі принциптерін анықтау;

Жобалық әдіс пен топтық жұмыстың өзара байланысын ғылыми тұрғыдан негіздеу; Осылайша, мақалада қарастырылатын топтық жұмыстың стратегиялары мен принциптері диссертациялық зерттеудің мазмұнымен тікелей байланысты болып, ағылшын тілін оқытудағы жобалық әдіс пен командалық жұмыстың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-әдістемелік негіз ретінде ұсынылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу педагогика мен психология ғылымдарының тұрғысынан жүргізіліп, ағылшын тілін оқытуда топтық жұмыстың тиімді жолдарын анықтауға бағытталды. Теориялық негіз ретінде ынтымақтастықта оқытудың ғылыми тұжырымдары Дэвид Джонсон мен Роджер Джонсон еңбектерінде қарастырылып, топтық өзара әрекеттестіктің оқушылардың танымдық белсенділігі мен әлеуметтік дағдыларына әсері дәлелденген.

Зерттеу барысында ағылшын тілін оқытуда топтық жұмыстың тиімділігін қарастыру үшін қазақ авторларының да еңбектері пайдаланылды. Мағзумова, Мандыкаева мен Тажибаева топ ішіндегі өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықтың оқушылардың танымдық белсенділігін арттыратынын дәлелдеген. Ерсұлтанова, Жанділдінов және Аймағамбетова топтық оқытудың тілдік дағдылар мен мотивацияға оң әсерін зерттеген, ал Исмагулова бірлескен топтық жұмыстың практикалық сабақтарда қолданылу ерекшеліктерін көрсеткен. Зерттеуде сапалық талдау әдісі қолданылды: сабақтардағы топтық жұмыстың ерекшеліктері бақылау, салыстыру және педагогикалық талдау арқылы зерделенді. Бұл тәсіл оқушылардың белсенділігін, топ ішіндегі өзара әрекеттестікті және тапсырмаларды орындау нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік берді.

Топтық талқылау әдісі – оқушылар өз ойларын білдіріп, пікір алмасып, бір-бірінің көзқарасын бағалауға үйренеді. Бұл әдіс оқу материалын терең меңгеруге, сыни ойлау мен коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Қолданылған материалдар мен әдістер зерттеу мақсатына сәйкес таңдалып, топтық жұмыстың ағылшын тілін оқытудағы тиімділігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Талқылау мен нәтижелер

Топтық жұмыс түрлі әдістер арқылы жүзеге асырылады және оларды мақсаттары мен ұйымдастыру ерекшелігіне қарай жіктеуге болады. Идеяларды генерациялауға бағытталған тәсілдердің бірі – «Миға шабуыл» (Brainstorming) – топқа мәселені анықтап, барлық мүмкін болжамдар мен шығармашылық ойларды жинап, кейін оларды талдауға мүмкіндік береді [4, 560-б.]. Ақпаратты жинақтап бөлісуге арналған әдістерге «Қазына іздеу» (Treasure Hunt) жатады, мұнда топ мүшелері сұрақтарға жауап табу үшін кітап, интернет немесе басқа ресурстарды пайдаланады. Күрделі материалды меңгеруге бағытталған тәсілдердің бірі – «Зигзаг» (Jigsaw) әдісі; топ мүшелері материалдың әр түрлі бөлігін зерттеп, кейін «сарапшы» ретінде оны басқа топ мүшелерімен бөліседі [4, 560-б.].

Бірлескен әрекетке негізделген әдістерге жобалау және «Мозайкалық топтар» жатады. Бұл әдістер топты нақты өнім – жоба, презентация немесе модель – жасауға бағыттайды. Топтық жұмыстың нәтижелілігі дұрыс ұйымдастыруға байланысты: әр топтың нақты тапсырмасы, уақыт шегі, рөлдер (жетекші, хатшы, бақылаушы, баяндамашы) және нәтижелерді ұсыну тәсілдері анықталуы қажет. Мұғалімнің рөлі – басқарушы емес, қажет болған жағдайда бағыт-бағдар беруші және консультант ретінде әрекет ету. Бағалау бірнеше тәсіл арқылы жүргізіледі: өзін-өзі бағалау, топаралық бағалау және мұғалімнің критерийлік бағалауы [5, 670-б.].

Топтық жұмыстың артықшылығы – барлық оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ету, әсіресе мотивациясы төмен оқушылардың назарын аудару. Сонымен қатар, ол оқушылардың коммуникативтік дағдыларын – сұрақ қою, тыңдау, келіссөз жүргізу, шешім қабылдау – дамытады. Пікір талқылау мен идеяларды дәлелдеу арқылы оқушылар сыншыл және шығармашылық ойлауға үйренеді.

Топтық талқылау әдісі сабақтағы өзара пікір алмасуды белсенді етті. Мысалы, "Жаңалықтар мақалаларын талдау" тақырыбында өткізілген сабақта әр топ өз тақырыптары бойынша қысқаша баяндама жасап, кейін барлық сыныппен пікір таластырды. Әр қатысушы

өз көзқарасын дәлелдеп, қарсы топтың аргументтерін талдады. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлау және аргументация дағдыларын қалыптастырды, сонымен қатар оқу материалын терең меңгеруге ықпал етті. Оқушылар тек грамматикалық немесе лексикалық материалды емес, сонымен қатар ақпаратты талдап, қорытынды шығару дағдыларын дамытты.

Зерттеу барысында топтық жұмыстың оқушылардың мотивациясына әсері де байқалды. Мысалы, мотивациясы төмен топ мүшелері өз үлесін нақты сезініп, рөлдерге сәйкес әрекет етуге ынталанды. Жобалық тапсырма кезінде кейбір оқушылар бастапқыда белсенділік танытпады, алайда топ ішіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жауапкершілік оларды белсенді қатысуға мәжбүр етті. Осылайша, топтық жұмыс оқушылардың ішкі мотивациясын қалыптастыруға септігін тигізді.

Бағалау жүйесі де нәтижелердің тиімділігін айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында өзін-өзі бағалау, топаралық бағалау және мұғалімнің критерийлік бағалауы қолданылды. Мысалы, "Ағылшын тіліндегі сценарий жазу" тапсырмасы кезінде оқушылар өз топтарын бағалап, өздерінің үлесін анықтады. Сонымен қатар, мұғалім критерийлер арқылы топтардың тапсырманы орындау сапасын бағалады. Нәтижесінде оқушылар өз жетістіктерін нақты көріп, сабаққа белсенділікпен араласуды үйренді.

Әдіс	Мақсаты	Ұйымдастыру ерекшелігі	Нәтижелер / Пайдасы
Топтық талқылау (Discussion)	Пікір алмасу, сыни ойлау және аргументацияны дамыту	Тақырып бойынша топтық талқылау, әр қатысушы өз көзқарасын білдіреді, қарсы пікірлерді талдайды	Сыншыл және шығармашылық ойлау қалыптасады, оқу материалы терең меңгеріледі, коммуникативтік дағдылар дамиды
Миға шабуыл (Brainstorming)	Идеяларды генерациялау,	Топ мәселені анықтап, барлық мүмкін	Шығармашылық қабілет дамиды, жаңа шешімдер

Әдіс	Мақсаты	Ұйымдастыру ерекшелігі	Нәтижелер / Пайдасы
	шығармашылық ойлауды дамыту	болжамдарды жинайды, талдайды	табу дағдылары қалыптасады
Зигзаг (Jigsaw)	Күрделі материалды бөліп меңгеру	Топ мүшелері материалдың әр бөлігін зерттейді, кейін «сарапшы» ретінде басқалармен бөліседі	Әр қатысушы барлық материалмен танысады, ақпаратты жүйелі өңдеу дағдылары дамиды
Қазына іздеу (Treasure Hunt)	Ақпаратты жинақтау және бөлісу	Топқа сұрақтар беріліп, ақпаратты кітап, интернет немесе басқа ресурстар арқылы іздейді	Ақпараттық сауаттылық, ынтымақтастық және зерттеу дағдылары дамиды

Жалпы, зерттеу көрсеткендей, топтық жұмыс тек тілдік дағдыларды меңгеруге ғана емес, әлеуметтік және коммуникативтік қабілеттерді дамытуға да оң әсер етеді. Оқушылар бірлескен әрекет барысында өз идеяларын дәлелдеп, басқа топ мүшелерінің пікірін тыңдайды, нәтижесінде сыни ойлау мен шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқу материалының терең меңгерілуіне, сыныптағы барлық оқушылардың сабаққа қатысуына және сабақтағы белсенділік деңгейінің өсуіне ықпал ететіні анықталды.

Қорытынды

Топтық жұмыс ағылшын тілін оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік дағдыларын және сыни ойлау қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Әдістердің қолданылуы оқушылардың әлеуметтік және коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға, сыншыл және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Пікір талқылау мен бірлескен тапсырмалар нәтижесінде оқушылар ақпаратты жүйелі түрде өңдеп, материалды терең меңгереді. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқушылардың өзара сенімділігін арттырады, сыныптағы ынтымақтастықты күшейтеді және оқу нәтижелерінің сапасын жақсартады.

Жалпы, зерттеу көрсеткендей, топтық жұмыс ағылшын тілін оқытуда тек тілдік дағдыларды дамыту құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың әлеуметтік, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін жетілдірудің тиімді әдісі болып табылады. Осы нәтижелер негізінде болашақта оқыту үдерісінде топтық жұмыс түрлерін кеңінен қолдану, әртүрлі әдістер мен стратегияларды үйлестіре отырып сабақтарды ұйымдастыру ұсынылады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Беспалько В.П. *Программированное обучение. Дидактические основы.* – М.: Высшая школа, 1970. – 300 б.
2. Сухомлинский В.А. *Сердце отдаю детям.* – Киев: Радянська школа, 1974. – 288 б.
3. Kagan S. *Cooperative Learning.* – San Clemente: Kagan Publishing, 1994. – 450 б.
4. Стрельцова Н.Ю. *Применение проектной технологии на уроках иностранного языка в среднем профессиональном образовании // Педагогический менеджмент и прогрессивные технологии в образовании: Сборник статей X Международной научно-методической конференции.* – Пенза: Приволжский Дом знаний, 2003. – С. 556–560.
5. Johnson D.W., Johnson R.T. *Learning Together and Alone: Cooperative,*

Competitive, and Individualistic Learning. – Boston: Allyn and Bacon, 1999. – 392 б.